ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 12 желтоқсан № 4360-25-00-2/2395 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Т.Қ.Жүсіпов,
сот отырысының хатшысы Ғ.Қуанышбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«AG» («ARDANA-GRUPP») жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДА ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі
«ZNS Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР ЖАҒЫНДА ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
Нұржан Танатарұлы Ибашов
Сұлтанбек Сапарбекұлы Мырзағалиев
Дәуренбек Нұрлыбекұлы Жақасов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.Ахмедияр
жауапкердің өкілдері Н.Байменов және Е.Бихожаев
үшінші тұлға «Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілі З.Онгарбаева
үшінші тұлға «ZNS Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі А.Лисицкий
аудармашы М.Тоғызбаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Талап қоюшымен мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ретінде «Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы аумағында апатты үйлерді бұзу» бойынша № 14861294-1 ашық конкурс тәсілімен конкурс ұйымдастырылған.

Аталған конкурсқа 13 әлеуетті өнім берушілер, соның ішінде жауапкер қатысып, конкурстың нәтижесі бойынша «Фаворит» өндірістік кооперативі жеңімпаз деп танылған.

Қорытынды хаттама жарияланғаннан кейін әлеуетті өнім берушілердің шағымы бойынша конкурс қайта қаралды.

2025 жылғы 24 маусымдағы қорытынды хаттамаға сәйкес конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілуіне байланысты конкурс өтпеген деп танылды.

Конкурстық құжаттама талаптарына сай әлеуетті өнім берушіде еңбек ресурсы ретінде тракторшы-машинист біліктілігімен 3 (үш) қызметкер болуы тиіс.

Жауапкер конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасында еңбек ресурсы бойынша қызметкерлері Н.Т.Ибашовтың, С.Мырзағалиевтың, Д.Жақасовтың тракторшы-машинист біліктіліктерін растайтын құжат ретінде куәліктердің көшірмелерін ұсынған.

2025 жылғы 18 тамызда үшінші тұлға «ZNS Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (конкурсқа қатысқан әлеуетті өнім беруші) шағым түсіріп, әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысу кезінде тракторшы-машинист біліктілігін растайтын құжат ретінде ұсынған куәліктердің жалған не берілгенін анықтауды сұраған.

2025 жылғы 27 тамыздағы «Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюшының 2025 жылғы 19 тамыздағы сұранысына берген жауабына сәйкес бірнеше тұлғаға, соның ішінде Н.Ибашовқа 2025 жылғы 21 қаңтардағы, Д.Жақасовқа 2025 жылғы 21 қаңтардағы және С.Мырзағалиевқа 2024 жылғы 19 сәуірдегі тракторист-машинист куәліктері берілмеген.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен сотқа жүгініп, жауапкердің еңбек ресурсы ретінде ұсынған 3 (үш) қызметкерінің тракторшы-машинист куәліктерінің берілмеуі себепті анық емес ақпарат ұсынуына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Үшінші тұлға «Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюға берген қарсы пікіріне сәйкес Н.Т.Ибашов, С.Мырзағалиев және Д.Жақасовқа тракторшы-машинист куәліктері берілмегенін, олардың куәліктерінде серия ГИ болып табылса, Шымкент қаласы бойынша куәліктерде серия ГШ болатынын, яғни куәліктері берілмегенін көрсетті.

Сотта талап қоюшының өкілі А.Ахмедияр талап қоюында көрсетілген уәждерін айтып, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілдері Н.Байменов және Е.Бихожаев талап қоюға қарсы екенін, қызметкерлері тракторшы-машинист куәліктерін ұсынғаннан кейін әрі куәліктерде мекеменің мөрі және қолы болғандықтан, күмән тумағанын,

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 22.12.2025

жұмыс беруші біліктілік құжаттарын тексеруге міндетті емес екенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлға «Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілі З.Онгарбаева талап қоюды қанағаттандыруды сот құзыретіне қалдыратынын көрсетті.

Үшінші тұлға «ZNS Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі А.Лисицкий талап қоюмен келіспей, талап қоюшы өкілеттігін асыра пайдаланып, негізсіз куәліктерге қатысты сұраныс жіберіп, жауабын алған соң сотқа жүгініп отырғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (әрі қарай - Заңның) 3-бабына сай анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 11-бабының 7-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші және (немесе) тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) мынадай негіздердің бірі бойынша: 3) анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда, біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.

Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: 1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы сотқа Заңда белгіленген мерзім ішінде жүгінген, себебі қызметкерлерге трактортшы-машинист куәлігінің берілмегені туралы жауап 2025 жылғы 27 тамызда алынып, сотқа 2025 жылғы 9 қыркүйекте жүгінген.

Жауапкер конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасында еңбек ресурсы бойынша қызметкерлері Н.Т.Ибашовтың, С.Мырзағалиевтың, Д.Жақасовтың трактортшы-машинист біліктіліктерін растайтын куәліктердің көшірмелерін ұсынған. Аталған еңбек ресурсы ретінде трактортшы-машинист біліктілігімен 3 қызметкерді көрсетпеген жағдайда, жауапкер конкурсқа қатыстырылмайтын еді.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 22.12.2025

Іс-құжаттарына қарағанда, «Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесімен Н.Ибашовқа 2025 жылғы 21 қаңтарда, Д.Жақасовқа 2025 жылғы 21 қаңтарда, С.Мырзағалиевқа 2024 жылғы 19 сәуірде тракторист-машинист куәліктері берілмеген. Аталған мән-жай 2025 жылғы 27 тамыздағы жауап хатпен бекітіледі.

Сотта жауапкердің өкілі осы қызметкерлер бұрыннан қызмет атқарып келгендерін, ал тракторшы-машинист ретінде куәліктерін ұсынағаннан кейін қызметтері ауыстырылғанын көрсетті.

Тракторшы-машинист куәлігінің арнайы техниканы басқаруға өкілеттік берілетін жүргізуші куәлігі болып табылады. Сәйкесінше оқыс жағдайдың алдын алу мақсатында және арнайы техниканы басқаруға жіберер алдында жұмыс беруші бұрын басқа қызмет атқарып келген қызметкерінің расында тракторшы-машинист куәлігін алғанына көзін жеткізуі деп санайды және екі қызметкерге бір күнде куәліктердің берілгеніне, олардың тұрақты жұмыста жүріп, ол біліктілікті қашан оқып үлгергеніне күмәнмен қарауы тиіс еді әрі уәкілетті органға жұмыс берушісі ретінде куәліктердің берілгенін анықтау үшін сұраныс жолдауға ешқандай кедергі орын алмаған.

Сәйкесінше, жауапкердің конкурстық құжаттамада біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат берілгені анықталып отыр.

Жауапкер конкурсқа қатысуға өтінімде (2-қосымша) заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын және өзге де сипаттамасы туралы дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулер туралы хабардар етілгенін электронды қолтаңбасын қою арқылы растаған.

Яғни жауапкер конкурстық құжатында ұсынған құжаттардың шынайылығына жауап береді.

Аталған мән-жайлардың жиынтығында талап қою қанағаттандыруға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК-нің) 117-бабына сәйкес жауапкерден 1 966 теңге мемлекеттік баж мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «AG» («ARDANA-GRUPP») жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «AG» («ARDANA-GRUPP») жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «AG» («ARDANA-GRUPP») жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 22.12.2025

Шешімге тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына беруі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 22.12.2025

4360-25-3-1/2465